

Нұр-Сұлтан қаласының жаңа орталығын салу барысын бақылау жөніндегі мемлекеттік комиссияны құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 25 желтоқсандағы N 530 Жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2024 жылғы 3 қаңтардағы № 429 Жарлығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Президентінің 03.01.2024 № 429 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

Ескерту. Жарлықтың атауына өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 01.06.2019 № 57 Жарлығымен.

Астананың жаңа орталығы құрылысының кешенділігін қамтамасыз ету және оны жеделдете салу барысын бақылау мақсатында қаулы етемін:

1. Нұр-Сұлтан қаласының жаңа орталығын салу барысын бақылау жөніндегі мемлекеттік комиссия мынадай құрамда құрылсын:

Мамин	-	Қазақстан Республикасының
Асқар Ұзақбайұлы	-	Премьер-Министрі, төраға
Көлгінов	-	Нұр-Сұлтан қаласының әкімі,
Алтай Сейдірұлы	-	төрағаның орынбасары
Комиссия мүшелері:		
Смайылов	-	Қазақстан Республикасы
Әлихан Асханұлы	-	Премьер-Министрінің бірінші
		орынбасары - Қаржы министрі
Атамқұлов	-	Қазақстан Республикасы
Бейбіт Бәкірұлы	-	Индустрия және
		инфрақұрылымдық даму министрі
Дәленов	-	Қазақстан Республикасы Ұлттық
Руслан Ерболатұлы	-	экономика министрі
Хорошун	-	Қазақстан Республикасы
Сергей Михайлович	-	Президенті Іс басқарушысының
		орынбасары
		"Астанабасжоспар"
Жүнісов	-	ғылыми-зерттеу жобалау
Сәрсембек Ендібайұлы	-	институты" жауапкершілігі
		шектелулі серіктестігінің
		директоры (келісім бойынша)".

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 01.06.2019 № 57 Жарлығымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 28.10.2019 № 195 Жарлығымен.

2. Комиссия объектілердің құрылысын Нұр-Сұлтан қаласында құрылыс салудың бекітілген бас жоспарына қатаң сәйкестікте қамтамасыз етсін.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 01.06.2019 № 57 Жарлығымен.

3. Мемлекеттік комиссияның шешімдерін барлық құрылыс салушылардың, құрылыс мердігерлік компаниялары мен фирмалардың орындауы міндетті деп белгіленсін.

4. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК